




**ШЕТЕЛДІК
ИНВЕТОРЛАРМЕН
ЖАСАЛҒАН
КЕЛІСІМШАРТТАН
ХАЛЫҚ БЕЙХАБАР**

2-бет



**ТАМШЫЛАР
КҮНӘНІ
ЖУМАЙДЫ**

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№69 (3600) 15 қыркүйек 2023

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨБЕЙІГЕН КИШК: ШЫҒЫНҒА БАТҚАН ШАРУАЛАР



Сайын даланың еркесіне балап жүрген ақбөкен бүгінде еліміздің батысындағы жер төсін емген диқан мен төрт түлігін баптаған малшының айықпас бас ауруына айналған. Батыс Қазақстан облысының Бөкейорда, Жәнібек, Қазталов, Тасқала, Жаңақала, Ақжайық аудандарындағы шаруалар көбейіп кеткен киіктің зардабын тартып жатыр. Естір құлақ болса, егінді таптап, шөпті тып-типыл еткен дала жануарының кесірінен шығынға батқан кәсіпкерлердің жанайқайы бірнеше жылдан бері айтудай-ақ айтылып келеді.

(Соңы 3-бетте)

Бауыржан АХМЕТҚАЛИЕВ,
Астана қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы:

«ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ НАҚТЫЛАНУЫ КЕРЕК»

– Бауыржан Нұрсапанұлы, соңғы кезде тұрмыстық зорлық-зомбылық көбейіп кеткен секілді. Мұндай құқық-бұзушылықтар сотқа жете ме? Мәселен, Астана қаласы бойынша статистика қандай?

– Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты түскен істер аз емес. Олардың қатары жылдан-жылға артып бара жатқан жайы бар. Мәселен, 2022 жылы сотта отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы 2027 әрекет қаралды. Оларды саралайтын болсақ, 1162 іс тиісті заңнаманың отбасылық қатынастарында тұратын адам денсаулығына қасақана жеңіл дене жарақатын келтіру бабы бойынша қаралды. 610 іс отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамды тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері бойынша болды. 416 және 149 іс қорғау нұсқамасын және құқық бұзушының мінез-құлқына сот белгілеген ерекше талаптарды бұзу бойынша талқыланды. Биылғы жылдың 6 айында сот қарауына жеткен тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттері саны аз емес. Осы кезеңде 1255 іс бойынша бір отбасының адамдары сот орбитасына тартылды. Оның 587-сі жақын адамының денсаулығына қасақана жеңіл дене жарақатын келтіру бабы бойынша, 545-і отбасылық-тұрмыстық қатынаста тұратын адамды тән ауруына ұшыратқан күш қолдану әрекеттері бойынша, 96-сы құқық бұзушының мінез-құлқына сот белгілеген ерекше талаптарды бұзу бойынша қозғалды. Жалпы талданып отырған кезеңде барлығы 7124 іс қаралды, оның ішінде 2807 іс (39,4%) тоқтатылды, 4317 іс бойынша кінәлілер (60,5%) әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Жалпы тұрмыстық зорлыққа не себеп болады? Оларды зерделеу барысында қандай ой түйдіңіз?

– Аталған санаттағы құқық бұзушылықтардың жасалуына жұмыссыздық, оның әсерінен материалдық жағдайдың төмендеуі, айыпкердің спирттік ішімдікке әуестігі түрткі боп жатады. Сонымен қатар, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБТК) жеке бастың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы тарауына енгізілген өзгерістер мен қосымшалар да әсерін тигізіп жатқанын айтуға тиістіміз.

(Соңы 5-бетте)

МЕДИАФОРУМ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАЙЫ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Азаттық радиосы Орталық Азия редакцияларының ашылғанына 70 жыл толуына орай медиафорум өткізді. Қазір өңірде Азаттық радиосының қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік және түркімен тілінде хабар тарататын бес қызметі жұмыс істейді. Азаттық өкілдері мен қонақ спикерлер аймақтағы баспасөз еркіндігінің ахуалын талқылап, Орталық Азиядағы демократияның дамуы жайлы ой бөлісті.

Форум Азаттықтың YouTube, Facebook парақшаларынан тікелей эфирден көрсетілді. АЕ/АР президенті міндетін атқарушы Джеф Гедмин форум қонақтарына бағыт-бағыт бейнемәлімдемесінде Орталық Азия аумағындағы тәуелсіз журналистиканың маңыздылығын атап өтті. Оның сөзінше, Орталық Азия

аумағы мен постсоветтік кеңістік, кейбір дамыған елдер демократия, либерализм, сөз бостандығы мен тәуелсіз БАҚ-қа шабуыл мен қоқан-лоққыға кезігіп отыр. Ол Украинада жалғасып жатқан соғыстың құрбандарын еске салды. «Ресей басқыншылығынан зардап шеккендермен үмітіміз, ойымыз бен дұғамыз бір»

деді Гедмин. Ол Батыстың кейбір бөлігінде «авторитаризм екпіні өрістеп, либерал-демократиялық тәртіп нормаларына күмен келтіру» байқалғанын жеткізді.

Азаттық радиосының Қазақстанда, Қырғыз Республикасында және Тәжікстанда (Озоди радиосы) бюролары бар. Сондай-ақ, Өзбекстан (Озодлик радиосы) мен Түркіменстандағы (Азатлык радиосы) аудиториясына да ақпарат тарататын редакциялары жұмыс істейді. Азаттық медиафорумында бірнеше панельдік талқылау мен таныстырылым болды. Онда радионың өкілдері мен арнайы шақырылған спикерлер аймақтағы баспасөз еркіндігінің жай-күйін



**АЗАТТЫҚ
МЕДИАФОРУМЫ**

Уақыт кедергісінен тыс,
цензурасыз жаңалықтар

талқылап, азаматтық бостандыққа әсер ететін факторлар және Орталық Азиядағы демократияның дамуы туралы пікір алмасты. Форум барысында редакция өкілдері журналистік зерттеу, төтенше оқиға

орнынан ақпарат тарату, сайт бұғатталған жағдайда оқырманмен байланыс орнату тәжірибелерімен де бөлісті.

Өз тілшіміз

ПАРЛАМЕНТ

ШЕТЕЛДІК ИНВЕТОРЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН КЕЛІСІМШАРТТАН ХАЛЫҚ БЕЙХАБАР

Алдағы уақытта жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі аукцион ашық жүзеге асуы мүмкін. Сонымен қатар, қоғамды алаңдатқан сарқылатын көмірсутек кен орындарының тиімді пайдаланылып, жер қойнауын пайдалану саласында пилоттық жобаны ерікті негізде жүргізуге жол ашылатын күн де алыс емес сияқты. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында белгілі болды.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексіне жер қойнауын пайдалану саласын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда қаралып, мақұлданды.

Отырыста заң жобасын Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі Дүйсенбай Тұрғанов қорғады. Д.Нұрбайұлының айтуынша, жаңа құжат көмірсутектерді геологиялық барлау және өндіру саласындағы жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыруды, базалық жобалау құжаттарына мемлекеттік сараптама жүргізу рәсімдерін оңтайландыруды, кен орнын әзірлеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаржылық және әкімшілік шығынын азайтуды көздейді. Заң жо-



басы теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Жобаға қатысты депутаттар сауалы көп болды. Олар негізінен Энергетика министрлігінің өкіліне бағытталды.

Жиынға бұл ұйымның атынан вице-министр Асхат Хасенов қатысып, сауалдарға жауап берді. Депутат Бақытжан Базарбек ірі кен орындарындағы шетелдік инвесторлармен жасалған келісімшарттарға қатысты мәселе көтерді. Ол 1997 жылдан бастап «Теңіз Шевроил», «Қарашығанақ»,

«Қашаған» секілді ірі мұнай кен орындарының шетелдік инвесторлар қолында екенін айтып, олармен жасалған келісімшарттың халыққа қашан ашық болатынын сұрады. Алайда Хасеновтің уәжі мардымды болмады. Оның айтуынша, өнімді бөлу келісімшарттарына тұрақтылық берілген. Инвесторлар өз мойнына алған экологиялық міндеттемелерді орындап, тиісті салықты төлеп, өңірлерге қаржылық тұрғыдан қолдау көрсетуде. Мұның бәрі ашық. Осы және тағы басқа инвестициялық міндеттемелерге қатысты мәселелерді айқындап, олардың толыққанды шешімін ұсыну мақсатында Үкімет пен Парламент мүшелерінен жұмыс тобы құрылды. Оған Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин жетекшілік жасайды. Сол жұмыс тобында тиісті ақпараттар жарияланады. Жалпы келісімшарттар халықаралық талапқа сәйкес екі жақтың мәмілесімен ғана ашылады.

«Ақ жол» фракциясының жетекшісі Азат Перуашевтің айтуынша, бұл құжаттың ауқымында қамтылмай қалған мәселелер бойынша өз ұсыныстарын дайындаған. Олар үш негізгі мәселені қамтиды. Атап айтар болсақ, өнімді бөлу туралы келісімдердің (ӨБК) шарттарын жариялау. Өйткені, соңғы уақытта БАҚ-та ӨБК-ның тонаушылық шарттары туралы жарияланған ақпаратқа орай, Қазақстан Қашаған сияқты

ірі кен орнынан өндірілетін мұнайдан мардымсыз үлес алады. «Ақ жол» демпартиясы бір жылдан астам уақыт бойы Үкіметтен бұл ақпаратты не растауды, не жоққа шығаруды, ал, расталған жағдайда аталмыш шарттарды қайта қарауды сұрауда. Сондай-ақ, алдағы уақытта жер қойнауын пайдалану келісімшартында қоғам үшін жабық баптар мен нормаларды қолдануға тыйым салуы керек. Екіншіден, Конституцияның аталмыш нормасына сай, стратегиялық шикізаттық кен орындардағы Қазақстан үлесінің 51% аз болмауы заңмен бекітілуі керек. Сонымен қатар, шетелдік жер қойнауын пайдаланушыларға халқымызға тиесілі табиғи байлықты өндіріп, сатуды ғана емес, қазақстандық экономиканың дамуына сүбелі үлес қосуды, соның ішінде, техника мен жабдықтардан бастап, отандық өндірушілер өнімдерін сатып алуды, оларға жер қойнауын пайдаланушылардың өздері қолданатын ауыстырылатын қосалқы бөлшектер мен детальдерді шығаруға қажетті құжаттарды беруге тентесуі тиіс. Алайда Үкімет тек бір ұсынысты қолдап, өзгелеріне қатысты теріс қорытынды беріпті. Бұл орайда «ӨБК кодекстен алып тасталған, сондықтан мәселені енді қозғаудың қажеті жоқ» деген уәж айтылыпты.

Үкіметтің екінші уәжі – халықаралық құқыққа сай ӨБК

шарттарын жариялауға болмайды. Шенеуніктердің логикасына сай, жер қойнауының иесі (Қазақстан халқы) шетелдіктердің өз меншіктерін қалай пайдаланып жатқанын білмеуі керек. Бұл үйіңізге әлдебіреудің келіп, жылдар бойы мал-мүлкіңізді сатып, ойына келгенін істеп, іргетасын талқандап кетуімен пар-пар. Бұл біреулерге ұнайтын шығар, бірақ «Ақ жол» фракциясы мұндай жағдаймен еш келіспейді. «Біз осы жер қойнауының иесі ретіндегі халқымызға қатысты әділетсіз шарттар болған жағдайда, ол ӨБК-лардың өзін заңсыз деп санаймыз. Ал, ол үшін қоғам ӨБК шарттарын өздері білуі керек. Сондықтан, біз оларды жариялауды талап етеміз» деп мәлімдеді осы орайда «Ақ жол» фракциясының серкесі. Оның айтуынша, егер шенеуніктер бұл халықаралық шарттарды бұзды десе, онда біз шенеуніктерді Ата Заңымызды бұзды деуіміз керек.

Перуашевтің сөзі көптің көкейіндегі мәселе. Алайда, бұған орай шенеуніктер тарапынан еш уәж айтылмады. Осылайша құжат бірінші оқылымда мақұлданды. Десе де, Перуашев көтерген мәселенің аталмыш жұмыс тобында кеңінен талқыланып, ел мүддесіне сай шешім қабылданар күн туар деген ойдамыз.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Сот төрелігінің сапасын көтеріп, заң үстемдігін орнатуда Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларының маңызы зор.

Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында сот билігіне қадау-қадау тапсырмалар жүктелді. Соның ішінде «Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрінен арылу қажет. Тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін оларды қайта-қайта өзгерте бермеу керек» деген Мемлекет басшысының ескертуі заңды ғана емес, негізді екенін айта кеткеніміз жөн.

Заң баптарына анықтық пен нақтылықтың керегін, қоғам қажеттілігіне сай өзгерістер мен толықтыру енгізу қажетін жиі айтамыз. Соған орай жаңғыртылып жатқан заңнамалар да аз емес. Мәселен, 2015 жылдан бері тек қана Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстердің өзіне 1200-ден астам өзгеріс енгізілген екен. Мұның бәрі заң үстемдігін орнатып, азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғауға, халықты сот әуресінен арылтуға бағытталған. Сондай өзгерістің бірі Қылмыстық-процестік кодекстің 382-бабымен байланысты. Бұл бапта қылмыстық істі қысқартылған тәртіппен сотта қарау реті белгіленген.

Жалпы, қылмыстық істер бойынша басты сот талқылауының үш нысанда жүргізілетіні белгілі. Оның біріншісі – толық (жалпы) тәртіпте, екінші нысан – қысқартылған (ерекше) тәртіпте, үшіншісі сот отырысының күрделенген нысаны, яғни, алқабилердің қатысуымен жүзеге асады. Алқабилердің сот ісіне қатысуы, мұндай сот отырыстарының қалай өтетіні көпшілікке түсінікті. Ал қылмыстық істі жалпы тәртіпте қарау мен қысқартылған тәртіпте қараудың өзгешелігі неде? Азаматтардың құқықтық сауатын көтеру үшін осы екі сот нысанындағы айырмашылықтың ара жігін ажыратып, негізгі басымдықтарын түсіндіру аса маңызды.

Сот отырысының толық тәртібі Қылмыстық процестік кодекстің 24-бабын басшылыққа ала отырып жүргізіледі. Яғни, істің мән-жайы жан-жақты, толық және объективті зерттеліп, сотталушыдан, жәбірленушіден, куәлардан, сарапшыдан жауап алынады, заттай дәлелдемелер қаралып, айғақтарды тексеру, эксперимент жүргізу қолданылады. Ал қысқартылған тәртіптегі сот талқылауы кезінде дәлелдемелердің толық зерттелуі талап етілмейді. Мұнда тек сотталушы мен жәбірленушіден ғана жауап алынатынын ескеру керек.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, қысқартылған іс жүргізу уақыт жағынан да ұтымды. Өйткені, жалпы тәртіппен жүргізілген сот отырысында қисынды мерзім белгіленсе, қысқартылған тәртіп бойынша іс он тәулік мерзімде қаралады. Жалпы тәртіптегі іс жүргізде сұралатын, шақырылатын, тыңдалатын азаматтар көп болатыны, зерделенетін дерек, дәйектерде шектеу жоқ екені белгілі. Ал сот отырысының жеңілдетілген нысаны кезінде жәбірленушінің бұзылған құқығы қысқа уақыт ішінде қалпына келтіріліп, процестік міндеттер толықтай орындалады. Сәйкесінше сотталушыға да жеңіл жаза тағайындалады.

Десе тек, қылмыстық істердің барлығы қысқартылған тәртіппен қаралмайтын да ескерте кеткеніміз жөн. Қылмыстық процестік кодекстің 382-бабына сәйкес, сотталушы өзінің кінәсін толық көлемде, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның мөлшерін және өзіне қойылған талап қою талаптарын мойындаса; сотқа дейінгі іс жүргізу барысында процеске қатысушылардың заңмен белгіленген құқықтарын бұзуға немесе құқықтарына қысым көрсетуге жол берілмесе; процеске қатысушылар іс бойынша жиналған дәлелдемелердің қатыстылығы мен жол берілетіндігіне дауласпаса және оларды сот отырысында зерттеуді талап етпесе іс қысқартылған нысанда қаралады. Бұған қоса, тараптар арасында медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасалған жағдайда да қысқартылған тәртіпте іс жүргізіледі.

Мұндай игіліктің бәрі азаматтардың құқығы мен бостандығы жылдам, артық әуресіз, сапалы қорғау мақсатын көздейді.

Н.БАТЫРХАН,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БРИФИНГ

Жамбыл облысы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты жұмысының жарты жылдық қорытындысы бойынша сот төрағасы Д.Мәуленовтің төрағалығымен брифинг өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ КЕҢЕЙДІ

2023 жылдың 6 айында сотпен 345 азаматтық іс, 62 тұлғаға қатысты 38 қылмыстық іс, 60 тұлғаға қатысты 60 әкімшілік құқықбұзушылық бойынша істер қаралған. Сонымен қатар қылмыстық істер бойынша 37 үкім, азаматтық істер бойынша 232 шешім, әкімшілік құқықбұзушылық істер бойынша 52 тұлғаға қатысты 52 қаулы шығарылған. Сотта медиация тәртібінде азаматтық істер бойынша қысқартылғандар саны – 35.

Д.Мәуленов Тараз қаласындағы Жамбыл облысы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының соттылығы ұлғаюына байланысты Төле би көшесінен Т.Ақбозов көшесіндегі ғимаратқа көшкендігі жайлы айып өтті. Бұған қоса нақты қандай санаттағы азаматтық істер сот қарауына жатқызылғаны туралы айтып берді.

Сонымен қатар, төрағалық етуші



қазіргі таңда сот өндірісіндегі мемлекеттік тілдің 2023 жылдың 6 айы мен өткен 2022 жылдың 6 айын салыстырғанда кіріс хаттары – 6,14% өскенін атап өтті.

Өз тілшіміз

КӨЗҚАРАС

СОТ ЖҰМЫСЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сот саласында түрлі реформалар қолға алынып, көптеген жаңашылықтар тәжірибеге енгізілді. Осы жаңғыртуларды жүзеге асырудың түпкі мақсаты халыққа сапалы қызмет көрсетіп, ел сеніміне ие болумен сабақтас.

Ал сот жұмысының сапасы жаңа заңдар қабылдап, құқықтық құжаттарды толықтырумен, сот қызметін материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз етумен, заманауи құрылғыларды енгізумен шектелмесе керек. Сапаны көтеру ең әуелі сот корпусындағы судьялар біліктілігіне байланысты. Міне, соған орай судьялықтан үміткерлерге қойылатын талапты күшейту бағытында іргелі істер атқарылды.

Сапаның төмендеуіне тікелей әсер ететін себептің бірі – жүктеме. Бүгінге дейін судья жүктемесінің көптігі, соның әсерінен судьялардың істерді жан-жақты, тыңғылықты қарауға мүмкіндігінің болмайтыны, асығыс қабылданған шешімде қателіктің кететіні туралы аз айтылған жоқ. Ең маңыздысы, сот сапасына теріс әсерін тигізетін бұл түйткілді айтып, көрсетіп қоймай, оны шешу, реттеу бойынша да нақты әрекеттер жасалды. «Медиация туралы» заңның қабылдануы, даусыз істерді құзырлы органдардың қарауына беру бойынша қолға алынған шаралар бүгінде оң нәтижесін көрсетіп отыр. Сонымен бірге, заманауи технологияның да сот жүктемесін азайтып, сот жұмысын жеңілдетуге айтарлықтай көмектескенін айта кеткеніміз жөн. Мәселен, бұрын судьяларға бөлінетін жүктеменің біркелкі еместігіне де аз

сын айтылмайтын. Ал сот өндірісіне түскен істер мен материалдардың компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлінуі бұл кемшіліктің де оң шешілуіне ықпалын тигізіп отыр. Соңғы кезде тәжірибеге енгізілген эксаумақтық соттылықтың да республика соттарындағы жүктеменің біркелкі болуына көмегі тиері күмәнсіз.

Сот жұмысының сапасына қатысты ең басты аргументі – сапалы шешім мен үкім шығару. Шын мәнінде, азаматтарды соттардың жүктемесі де, жалақысы да қызықтырмайды. Жұртқа керегі соттардан шығатын түпкілікті өнім – сот актісі ғана. Бұрын үкім мен шешім мәтіндері көлемді, құрылымы күрделі еді. Оны тараптардың көбі түсінбей жататын. Сондықтан 2019 жылы Жоғарғы Сот сот актілеріне қатысты нормативтік қаулыларды қабылдады. Әркім өз сұрағына дәлелді жауап алу үшін сот актілерінің мазмұнына және құрылымына қойылатын нақты талаптар бекітілді. Судьяларға кіріспе, сипаттау, уәждеме, қарар бөліктерін қалай жазу керектігі түсіндірілді. Сонымен қатар, судьяның өзі қабылдаған шешімді түсінікті тілмен түсіндіру міндеті енгізілді. Бұл тараптардың құқықтық сауатын көтеріп, өз ісіне баға беруіне, сот үкімінің мәнін түсінуіне мүмкіндік берді.

Міне, осылайша сот жұмысының сапасын көтеруге бағытталған іс-шаралар біртіндеп халық көңілінен шығуда. Ел игілігіне бағытталған мұндай жаңашылдықтар алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

Б.БАКИРБАЕВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨБЕЙГЕН КИИК: ШЫҒЫНҒА БАТҚАН ШАРУАЛАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кииктің кесірінен шығынға батқан шаруалардың бірі – Жәнібек ауданындағы «ЕСО Club» ЖШС басшысы Бауыржан Сабанов.

«Биыл 350 гектар жерге жоңышқа ектім, соның 250 гектарын киик таптап кетті. Егіс алқабын қоршап та қойдым, жақындағандарын көлікпен де құдық, мобильді топтың көмегімен де құдық, «Охотзоопром» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны да көмектесті, еш нәтиже жоқ. Көк шөпке аузы бір тисе, келе береді. Қалай қусаң да, киик ол жерден кетпейді. Бір менің өзім 18 млн теңгеге шығынға қалып отырмын. Жалпы, облыс бойынша бір мыңның үстінде шаруа қожалықтары зардап шегіп отыр. Мал азығы жетіспей, кииктің тұяғы таптаған жерге шөп шығып үлгермей жатыр. Облыс бойынша шығын 8 млрд теңгені құрайды. Сондықтан Үкіметтен өтемақы ретінде облысқа көмек берсін деген талап қойып отырмыз. Себебі, мал азығын дайындау қиынға соғуда», – дейді **Бауыржан Қанатұлы**.



Кәсіпкер бұл мәселені шешудің жалғыз жолы – киик санын реттеу деп есептейді.

«Қазіргі жағдайда киик саны біздің облыста, әсіресе, Жәнібек ауданында өте көп. Бүкіл кииктің бәрі көктемде төлдеуге біздің ауданға келеді. Жалпы, облыс бойынша алты аудан зардап шегіп жатыр. Біздің облыста 2 млн жуық киик бар деседі. Бұл бір өңір үшін өте көп. Бұрын Кеңес Одағының кезінде кииктің саны 300 мыңнан асқан жоқ.

Өзім БҰҰ хатшылығының халықаралық сарапшыларының қатысуымен өткен жиынға қатыстым. Олар да киик санын реттеу керек де-

генді айтып жатыр. Мұндай жағдай шетелде де бар екен. Мысалы, Австралияда кенгуруды, Мексикада жабайы жылқыны (мустанг) жоспарлы түрде азайтып тұрады. Сол себепті біздің Үкімет те киик санын азайту бойынша пәрменді шаралар қабылдауы тиіс. Сонымен қатар кииктің етін, мүйізін, сүйегін, терісін өңдеп, пайдаға асыру шараларын қолға алу керек», – деді өз ойымен бөліскен кәсіпкер.

2000 жылдан бастап ауыл шаруашылығымен айналысып келе жатқан Бөкейорда ауданының «М.Буранбаев» шаруа қожалығының басшысы **Мырзабай Боранбаев** та кииктен зардап шегіп жүргенін айтады. Оның сөзіне қарағанда, кииктің кесірінен шаруалардың еңбегі зая кетіп жатыр.



– Өңірдегі киик мәселесі өте күрделі. Мал бағатын жер жоқ, өзіміздің жеріміз аз. Жалпы, Бөкейорда ауданы бойынша 1 млн 920 мың гектар жер бар. Соның 943 гектары Капустин Яр полигонының аумағында. Қалған жердің жартысы сортаң, жайылымға пайдасыз. Соған қарамастан, киикке резерват ашу мақсатына Үкімет тарапынан Бөкейорда ауданы аумағынан 75 мың гектар берілді. Сонда қалған 400 мың гектар жер ауыл шаруашылығымен айналысам деушілердің бағып отырған малына таршылық етеді. Аудан бойынша 108 бас ірі қара, 36 мың жылқы, 95 мың ұсақ мал, 1130 түйе бар. Осы малдың әрбір басына шартты түрде тәулігіне мынадай шөп көлемі есептеледі: ірі қараға – 13, жылқыға – 16 кг, ұсақ малға – 3 кг, түйеге – 20 кг.

Киик деген 24 сағат бойы аузы, аяғы бос жануар. Ерсілі-қарсылы шауып, жерімізді таптағанының өзі экологиялық апатқа әкеліп отыр. Дәл қазірдің өзінде шабатын шөп жоқ, болса да, шығымы нашар, екен егісімізді құртып болды. Осы киик

мәселесі көтеріле бастағалы 4-5 жыл болды, айтудан кенде емеспіз, БАҚ құралдары да көтеріп жатыр, Экология министрі де келді, бірақ ештеңе шешілер емес, ешқандай қолданып жатқан шараны да көре алмай отырмыз. Мұның негізгі шешімі – кииктің басын азайту. Жәнібек, Бөкейорда, Қазталов аудандарының аумағында 3 миллионға жуық киик бар.

Далада жер-жерде теңкііп өліп жатқан кииктердің өлекселері көп. Олардан қандай ауру тарайды, қандай апатқа әкеледі, қарап, зерттеп, жинап жатқан ешкім жоқ. Киик өте тығыз жүргесін, араларында жұқпалы аурулар тез тарайды. Қауіпті індет тараса, бір күнде қырылып қалу ықтималдығы жоғары. Соңғы 40 жылда кииктің Орал популяциясы бойынша 11 рет жаппай қырылу дерегі тіркелген, – дейді қожалық басшысы.

Мырзабай Нұрлыбайұлының айтуынша, «Орал ауылшаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС-нің мамандарының көмегімен қабылданған

ылғаны туралы акт жасадық. Қалған 20 пайызы ешқандай шығынымызды ақтамайды. Өңірімізге атбасын бұрған еуропалық ғалымдар да популяцияны шектеу керек, басқаша күресу мүмкін емес дегенді мойындады. Алда қоянның қысы келе жатыр, қазір шабындықта шалғыға ілінер шөп жоқ, киик отап тастаған, алдағы қыстан қалай шығарымызды білмей, дал болып отырмыз. Міне, біздің жағдайымыз осындай. Бұдан былай мал ұстау мүмкін емес, кииктің санын азайтпаса, қолдағы малымыздың басын азайтып немесе түгел жоюға тура келеді, – дейді шарасы таусылған шаруа.

Киик мәселесін көтеріп жүрген оралдық журналист әрі эко-белсенді **Нұрлыбек Рахманов** қоғамда кииктің көбеюі ғана талқыланып жүргеніне наразы. Киикке қатысты көптеген сараптама мақала жазып, жағдайды әбден зерттеген журналист «кииктің ішер суы мен жайылымы қалмауы одан да зор мәселе» деген пікірде.



– БҚО-дағы киикке қатысты назар негізгі мәселелерге емес, қосалқы

Соңғы 15 жылда БҚО-дағы кииктің өрісі 5 есе қысқарып, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер 3 есе ұлғайған. Киик қорғау аймағындағы жерлердің оңды-солды таратылып кеткенін биік мінберлерден ешкім көтеріп жатқан жоқ. Кииктің өрісіне ортақтасатын қожалықтар жыл сайын көбейе түсуде. Киик мекендеген аудандардың атқарушы билігі «Фермер-киик қақтығысын» ушықтыра түспей, киик мәселесі шешілгенше жер үлестіруге мораторий жариялауы керек.

арнайы бағдарламаның аясында жайылымдарды жақсартып, ғылыми мақсатта егіс еккен.

– Көпжылдық шөптерді егіп, жайылымды жақсартпаса, күн көру қиын болып тұр. Ғалымдармен бірге еккен алқаптарды электр бақташымен қоршап қойдық, оған да қарап жатқан киик жоқ. Отарымен жөңкіліп жеткен қалың киик электр тоғын елең қылмайды екен. Баса-көктеп, гу етіп өте шығады. Айналасына арық қаздық, оны да экологиялық талаптарға сәйкес емес деп, жігіттердің алды жауапқа тартылып жатыр.

Ауылдық округтің әкімі, аудандық мәслихат депутаты Темір Масин «Орал ауылшаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС ғалымдарының қатысуымен құрылған комиссия егіс алқабын зерттеп, 80,5 пайызы жой-

нәрселерге аударылып жатқанын айта кеткен жөн. Киик мәселесіне қатысты жергілікті биліктің өз көзқарасы, фермерлердің жеке қызығушылығы, латифундистердің де лоббиі барын ескеру қажет.

Ең алдымен, кииктің ішетін суы – басты проблема. Ресми органдар «су көздері табылмай тұр» деген уәж айтады. Киик төлдейтін аумақтағы ауылдарда тұщы су көздері бар, бірақ әлі күнге киик үшін арнайы ұңғыма жасалмады. Жасанды суат мәселесі киикті көбейтпес бұрын шешілуі тиіс еді. Табиғи ареалында су болмағасын киик өзендер бойымен жоғары өрлеуге мәжбүр. Барлық өзен-көлдің, жасанды бассейн мен каналдың маңын фермерлер иемденіп алды. Су іздеген байғұс киик амалсыздан сол суаттарға барады.

«Жерімді таптады» деген мәселенің түп негізі осы. Ал шөп пен су тапшылығы сияқты мәселелерге кінәлі киик сияқты қоғамдық пікір туғызылуда. Ал ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі су жеткілікті деген пікірде. Біздің су мәселесін сұраған хатымызға бірінші вице-министр Н.Шәрбиев «киикке су жеткілікті деп есептейміз» деп жауап берді. Вице-министр бізге «кииктің ішетін суын шешу үшін қаражат көздері қаралмаған» деді. Кииктің ішетін суынан бөлек жайылатын жері де тарылып барады. Соңғы 15 жылда БҚО-дағы кииктің өрісі 5 есе қысқарып, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер 3 есе ұлғайған. Киик қорғау аймағындағы жерлердің оңды-солды таратылып кеткенін биік мінберлерден ешкім көтеріп жатқан жоқ. Кииктің өрісіне ортақтасатын қожалықтар жыл сайын көбейе түсуде. Киик мекендеген аудандардың атқарушы билігі «Фермер-киик қақтығысын» ушықтыра түспей, киик мәселесі шешілгенше жер үлестіруге мораторий жариялауы керек. Үкіметке ұсынылатын биологиялық негіздемеге қандай да бір тараптың лоббиі араласпауы үшін республикалық ғылыми орталықтардың ғалымдары тәуелсіз зерттеулер жасауы қажет, – дейді Нұрлыбек Рахманов.

Батыс Қазақстан облыстық ауылшаруашылық басқармасының ұсынған мәліметіне сүйенсек, көктемгі әуе санағының қорытындысы бойынша Орал популяциясындағы ақбөкендердің саны 1 млн 130 мың басты құрайды.

Батыс Қазақстан облысы ғалымдарының биологиялық негіздемесіне сәйкес, өңірдегі ақбөкендердің оңтайлы саны 500 мың бастан аспауы тиіс.

Облыс әкімдігінің тапсырмасына сәйкес, кииктерден зардап шеккен әрбір ауданда келтірілген залал көлемін есептеу үшін комиссиялар құрылды.

Комиссиялар әрбір шаруашылықтағы залал көлемі туралы акт жасап, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына ұсынады.

Олар ұсынған ақпаратқа сәйкес, өңірде 1350 агроқұрылымда 913 мың га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге (3,0 мың га егістік, 46,1 мың га шабындық және 863,9 мың га жайылымдық жерлер) залал келтірілген.

«Келтірілген залал көлемі туралы қорытындылар ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жіберілді және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған есептеулерге сәйкес жайылымдарға келтірілген залал 8,0 млрд теңгеге бағаланады», – делінген басқарма мәліметінде.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Үкіметтің кииктер популяциясын басқару туралы қаулысы қабылданды. Қаулыға сәйкес, көбейіп кеткен кииктердің санын 20%-ға дейін реттеу көзделеді.

Айта кетейік, бұл жұмыстар 15 қыркүйектен басталады деп күтілуде.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨКЖИЕК

ТІРЕК МЕКТЕПТЕР БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

Қарағанды облысындағы Осакаров ауылында «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының қатысушысы атанған Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектептің таныстырылымы өтті. 1932 жылы іргетасы қаланған Осакаров ауылындағы бұл тірек мектеп 2015 жылы үш қабатты жаңа ғимаратқа көшіті. Жалпы сыйымдылығы 600 адамға арналған мектепте қазір 769 оқушы білім алып, 86 мұғалім жұмыс істейді.

Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту – «Қазақстан халқына» қоры, Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры және Назарбаев зияткерлік мектептерінің жобасы. Ол биыл ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен еліміздің барлық өңірінде 63 мектепті қамтымақ. Бұл жоба аясында мектепке жаңа жиһаз бен техникалар алынды. Атап айтқанда, робототехника, психолог, дефектолог, мектепке дейінгі дайындық, шахмат кабинеттері, тігін мен тамақтану мәдениеті шеберханасы, телестудия, STEM зертханасы, ART-студиясы, FabLab, кітапхана, спорт жабдықтарымен бірге барлығы 36 бөлме жаңартылды. «Қазақстан халқына» қоры мектепті жабдықтауға 250 млн-

ға жуық қаражат бөлді. Назарбаев зияткерлік мектептері арнайы оқыту бағдарламаларын тегін жүргізбек. Білім беру саласын тұрақты дамыту қорының барлық шығындарын AITAS холдингі өтейді. Назарбаев зияткерлік мектептері базасында педагогикалық ұжым мен мектеп басшылығының біліктілігін арттыру бағдарламасы іске қосылды. Мұғалімдер 5-6 ай бойы оқытудың заманауи әдістері бойынша арнайы курстардан өтеді.

– Ауылдағы білім беруді қолдау туралы айтылғанда ең алдымен тірек мектептерді көтеруді ойлау керек. «Білім туралы» заңда «тірек мектептер» деген ұғым бар болса да, іс жүзінде ол мектептерді құру, дамытумен ешкім

айналысқан жоқ. Былтыр Білім беру саласын тұрақты дамыту қорымен бірлесіп, 17 өңірде 17 ауылдық тірек мектебін құрдық. Назарбаев зияткерлік мектептері (НЗМ) стандарты бойынша материалдық-техникалық базаны толығымен жаңарттық. Сондай-ақ, мектепке талдау жүргізіп, мұғалімдер мен оқу орны әкімшілігінің біліктілігін арттырдық. Серіктестеріміз үш жыл бойы әдістемелік қолдау көрсетеді. Осылайша оқу үдерісіне деген көзқарасты өзгертіп, жаңа білім беру технологияларын енгіздік. Қазір біз 17 облыста тағы 63 тірек мектепті жаңарту жұмыстарын жалғастырудамыз, – деді «Қазақстан халқына» қорының төрағасы Болат Жәмішев.

Осакаровтағы бұл мектеп – биыл таныстырылымы өткен 63 мектептің үшіншісі. Aitas Foundation директоры Ксения Вербаның айтуынша, «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы білім сапасын арттыруға, озық педагогикалық тәжірибелер мен әдістемелерді енгізуге және

тірек мектептерді қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етуге бағытталған. О баста «Powered by NIS» жобасы Шығыс Қазақстан мен Ақмола облысындағы бірнеше тірек мектепті дамытудан басталып еді. Ал бүгінде оған екі жылда ел бойынша 80 ауыл мектебі қосылды. Енді мыңдаған оқушы мен мұғалімдер жаңа мектеп жабдықтарымен, ортақ әдістемемен қамтылады. Ауыл немесе қала тұрғыны болсын, әрбір бала тұлғалық және кәсіби даму жолында сапалы білім алуға лайық. Солайша ол болашақта еліміздің тұрақты дамуына өз үлесін қосады.

Жобаны жүзеге асырып отырған Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры (FURO) – Aitas Foundation құрамына кіретін коммерциялық емес ұйым. Қор қала мен ауыл арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту бағдарламасына ерекше назар аударады. Aitas Foundation – AITAS холдингінің корпоративтік қоры. Aitas Foundation жобаларына Ауылдық аймақтарды тұрақты дамыту қоры, Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры және Аймақтық зерттеулер орталығы кіреді. Aitas Foundation елді жан-жақты дамыту арқылы Қазақстан халқына қызмет етуді өзіне басты миссия санайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

СУДЬЯ АНТЫНА АДАЛ БОЛУҒА МІНДЕТТІ

Сот этикасының бірінші кодексі Судьялар одағының I съезінде, 1996 жылғы 19 желтоқсанда қабылданған. Кодекс небәрі 7 баптан тұрды, ол судьялардың этикалық тәртібінің көптеген қырларын қамтымады. Соның нәтижесінде Судьялар одағының III съезінде кодекске толықтырулар мен өзгерістер енгізілді.

Қазіргі қолданыстағы кодекс 2009 жылы Судьялар одағының V съезінде қабылданды. Ол судья тұлғасына қойылатын адамгершілік талаптары, судьяның кәсіптік қызмет және қызметтен тыс қызметін жүзеге асыру қағидалары, судьяның көрсетілген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілігін қамтиды. Бұдан да жоғары жаңа талаптарды қанағаттандыратын Этикалық кодексті қабылдау туралы шешім «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында бекітілгені белгілі.

Судья алғаш рет қызметіне кіріскенде «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 32-бабында айтылған:

«Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін ҚР Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттенгендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін» – деп ант қабылдайды. Ант беру рәсімі ҚР Президентінің судьяны тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін облыстық және оған теңестірілген соттардың судьяларының жиналысында өтеді. Судья өзінің антына адал болуға міндетті. Судья қызметтік әрекетінде, сондай-ақ пікірталасқа қатысу кезінде заңның үстемдігін, заңдылық пен судьяның тәуелсіздік қағидадарын қорға-

уы тиіс. Судьялардың тәуелсіздік қағидаты деп сот төрелігін жүзеге асыруда судьяның ешкімге бағынбайтындығын, соттың қызметіне сырттан және іштен араласуға жол берілмейтінін, яғни, сотқа басқалардың ықпалына жол берілмейтінін түсіну керек. Бұған қарсы тұру – судьяның тікелей міндеті. Кодекстің нормасы судьяға кез келген қызметте, судьяның жоғары атағын алып жүрген барлық кезеңде дұрыс мінез-құлқын міндетін жүктейді. Бұл белгілі бір мәселе бойынша сөйлеген кезде, сондай-ақ тұрмыстық жағдайларда, қоғамдық орындарда өз әрекеттері мен мінез-құлқына әрқашан бақылау қажеттілігін білдіреді.

Судья билік тармағының бір өкілі екендігін әрқашан есте ұстауы керек.

А.ЖУВАНЫШЕВА, Әлихан Бөкейхан ауданының судьясы ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУ ШАРАСЫ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ?



А. ЖАМИЕВ, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

рын таратып айтар болсақ: ӘРПК-де мәжбүрлеу шараларының үш түрін қарастырады: ескерту, сот отырысы залынан шығару және ақшалай өндіріп алу.

Ескерту және сот отырысы залынан шығару мәжбүрлеу шаралары тараптарға қатысты сот процесінде болу ережелерін бұзған жағдайда қолданылады.

Жеке, лауазымды және заңды тұлғаға (немесе оның өкіліне) 10-нан 100 АЕК дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылуы мүмкін.

ӘРПК қандай жағдайларда ақшалай өндіріп алу шарасын қолдануды көздейді?

Бірінші: іс жүргізу құқығын асыра пайдаланған немесе іс жүргізу міндеттерін орындамаған тұлғаға 10 АЕК көлемінде ақшалай айыппұл салынады. Оның ішінде, егер адам іс жүргізу міндеттерін орындаса, атап айтқанда тұлғаның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, уақытылы жауап бермегені, төрағалық етушінің өкіміне бағынбағаны үшін, сотта белгіленген ережелердің, сондай-ақ сотқа құрметтемеушілікті айқын көрсететін өзге де әрекеттерді (әрекетсіздігін) сот 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алу шарасын қолдануға құқылы. Қарсы пікір Азаматтық процесінің кодексінің 166-бабының талаптарын орындай отырып жасақталады.

Мәселен, Хромтау ауданы бойынша кіріс басқармасы шығарған әкімшілік актісіне дау айтылды. Сот алдын ала тыңдауды тағайындай отырып, жауапкерге әкімшілік талап қоюға қарсы пікір және даулануы жатқан әкімшілік актіні шығаруға негіз болған құжаттарды ұсынуды міндеттеді. Алайда жауапкер қарсы пікірді ұсына отырып, позициясын негіздейтін дәлелдемелерге сілтеме жасала отырып, мәлімделген талаптардың мәні бойынша дәлелдер ұсынған жоқ. Ескерте кететін жайт, дау айту ӘРПК 129-бабының талабы бойынша дау айту жөніндегі талап қою бойынша дәлелдеу ауыртпалығын жауапкер көтереді. Осыған байланысты мемлекеттік мекеменің басшысына қатысты

ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасы қолданылады.

Үшіншіден, бітімгершілік, медиативті, партисипативтік келісімдерді бекіту туралы шешім немесе сот ұйғарымы болсын, қандай да бір сот актісін орындамаған жағдайда, сот жауапкерге 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алу шарасын қолданады. Айта кететін жайт, ӘРПК-нің 28-тарауында сот шығарған сот актілеріне бақылау жүргізу көзделген.

Осы негіз бойынша тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысына және қала әкіміне ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасы қолданылды.

Соттың 2022 жылғы 28 қазандағы шешімімен талап қою арызы қанағаттандырылды. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне және қала әкіміне Ақтөбе қаласында орналасқан елді мекенге көшеге жол салу бойынша жұмыстарды ұйымдастырмау әрекетсіздігі заңсыз деп танылды. Одан бөлек сол көше бойындағы суағар және арық салу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру міндеттелген.

Алайда сотпен көрсетілген мерзімде және осы уақытқа дейін жауапкерлермен сот актісінің орындалғаны туралы мәлімет ұсынылмаған.

Статистикаға жүгінсек, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен ағымдағы жылдың сегіз ай қорытындысы бойынша 12 мәрте ақшалай өндіріп алу шаралары қолданылған.

Мәжбүрлеу шараларының негізгі мақсаты – әкімшілік іске қатысушылардың өздерінің процесілік міндеттерін дәлелдемелерге сілтеме жасала отырып, мәлімделген талаптардың мәні бойынша дәлелдер ұсынған жоқ. Ескерте кететін жайт, дау айту ӘРПК 129-бабының талабы бойынша дау айту жөніндегі талап қою бойынша дәлелдеу ауыртпалығын жауапкер көтереді. Осыған байланысты мемлекеттік мекеменің басшысына қатысты реттеушіге айналады.

БІРЫҢҒАЙ СОТ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы өз жолдауында сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтардың құқығын қорғаудың және қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы екенін атап өтіп, сот шешімдерінің сапасын арттыру, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыруды қамтамасыз ету, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу бойынша нақты тапсырмалар жүктеді. Сот шешімдерінің сапасын көтеру, бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында қолға алынған бастамалар халықтың да көңілінен шығып отыр.

Осы басымдықтардың ішінде бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастырудың маңызы айрықша. Жалпы, сот жұмысына қатысты азаматтардан түсетін сын, ескертпе, өтініш, ұсыныстар үнемі назарда ұсталып, оларға тұрақты мониторинг жасалатыны белгілі. Бұл сот жұмысын жандандыру үшін, сот тарапынан жіберілген қате, кемшіліктерді алдағы уақытта қайталамау үшін керек. Осындай талдамалар кезінде азаматтардың сот тәжірибесінің әртүрлі болатынына, бірыңғай тәжірибенің жоқтығына шағымданып барып, мұндай сынның бәрі негізді дей алмаймыз. Өйткені, бір бап бойынша таразыланған қылмыс үшін әртүрлі жазаның белгіленуі әбден мүмкін.

Бұл жерде айыптының қылмысын мойындауы, жасаған әрекетіне өкінуі, келтірілген залалды өтеуі, жәбірленушінің кешірімін алуы, айналасындағы адамдардың оң не теріс

мінездеме беруі, бұрын қылмыс жасаған не жасамаған болуы басшылыққа алынатынын ұмытпауымыз керек. Соттың бірыңғай тәжірибесіне қатысты жаңсақ пікір, теріс көзқарас қалыптаспауы үшін азаматтардың құқықтық сауатын көтеру бағытындағы іс-шаралар үнемі қолға алынуы тиіс. Судьялар өз тәжірибесімен бөлісіп, заңдардағы жаңа өзгерістерден халықты құлағдар еткені абзал. Әсіресе, заң баптарын қолданудың, жаза тағайындаудың тәртібін түсіндірудің маңызы зор.

Бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыруда нормативтік қаулыларды қабылдау, сот тәжірибесіне талдау жасау, ортақ тұжырымдамалар бекіту, жергілікті сот судьяларына арнап арнайы семинарлар, тренингтер өткізудің де пайдасы орасан. Бұл бүгінгі күнге дейін өзін-өзі ақтаған, тиімділігін көрсеткен оңтайлы әдістердің бірі. Ал қазіргі кезде бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруда заманауи IT құралдарының көмегі көп. Мысалы, сот органдарының «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінде судьяларға шешім қабылдау кезінде нақты бір істер санаттары бойынша сот практикасымен, Жоғарғы Соттың талдаулары және тұжырымдамаларымен танысуға мүмкіндік ұсынатын «Судьяларға көмек», «Сот практикасы» және басқа да модульдер мен сервистер бар. Сервистерге жүктелген шешім, үкімдерді зерделеу арқылы судьялар біліктілігін көтеріп, өз тәжірибесін шыңдайды. Осы арқылы барлық республика бойынша бірыңғай сот тәжірибесі қамтамасыз етіледі.

Е.БОЛАТОВ, Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Туған елім – тірлігімнің айғағы, Тілім барда айтылар сыр ойдағы, Өссе тілім, мен де бірге өсемін, Өше тілім, мен де бірге өшемін! – деп, ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай, тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны, ары. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, өйткені тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, тіл үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Тіл құдіреті ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін құдіреті бар. Бір сөз өмір бойы өзегіңді өртесе, бір ауыз орындай айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді.

Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Діні, тілі де әртүрлі болғанына қарамастан, бір шаңырақ астында барлық халық тату өмір сүруде. Қазақстанның ең басты, мемлекеттік тілі ол – қазақ тілі. Қазақ тілі – біздің татулығымыздың тірегі. «Қазақстанның әрбір азаматына мемлекеттік тіл – қазақ тілін білу парыз». Әлемде қаншама ел бар, әрбір елдің өзіндік ерекшелігі мен ортақ белгілері де



бар. Ерекшеліктері олардың діндері, мәдениеті, өмір сүру үлгісі, тарихы, киім үлгісі, дәстүрі мен сенімдерінің әртүрлілігінде. Ал ортақ деп отырғанымыз әрине, ол – тіл! Қандай

ұлт болмасын, барлығы бір-бірін түсіну үшін бір тілде сөйлейді. Мемлекеттік тіл – татулық пен бірліктің тірегі. Мемлекеттік тілді өркендетсек, өзге ұлт адамдарымен осы тіл

арқылы қарым қатынаста боламыз. ҚР Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мектеп кітапханасында айына бір рет әдеби шолулар, дөңгелек үстел жиыны, әдеби кештер өтеді. Тіл мен қарым-қатынас біріккенде ғана сыйластық, достық, адамгершілік пайда болады. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді.

Қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін барлық қазақстандықтар мен шет елдегі қандастарымыздың қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қажет.

Г.АЙТКУЛОВА, Қарақия аудандық сотының бас маманы - сот мәжілісінің хатшысы МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл өзгеріске дейін отбасында болған құқық бұзушылық бойынша тек жәбірленушінің арызы негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама түзілетін болса, қазіргі кезде полиция қызметкерлері құқық бұзушылық туралы түскен хабарламаның негізінде (күәгерлерден келіп түскен хабарлама) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама түзіп, істі сотқа жолдайды. Ашып айтсақ, бұрынғы кезде құқық бұзушылық орын алған соң полиция қызметкерлері оқиға орнына келген кезде жәбірленуші құқық бұзушыны кешіргендіктен арызданбайтын. Сол кезде әкімшілік хаттама түзілмейді және іс қозғалмағандықтан, сол факті бойынша іс сотқа жолданбайтын еді. Ал қазір жәбірленуші арыз жазудан бас тартса да, іс күәгерлердің хабарламасы бойынша қозғалып, сотқа жолданады.

– Хиллари Клинтон «экстремалды, даулы мәселенің бәрі отбасында шешілуі керек» деген екен. Жалпы бұл мәселе бойынша сотқа жүгіну қаншалықты дұрыс?

– Отбасылық-тұрмыстық қатынаста істелген құқық бұзушылықтар әрине, отбасында шешілгені дұрыс. Алайда, құқық бұзушылық орын алған соң және құқық бұзушының үстінен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама түзілген соң, бұл істің соңғы нүктесін тек қана сот қоюы қажет. Сотқа дейін дауды шешу заңмен қарастырылмаған. ӘҚБТК-нің 64-бабында тараптардың татуласуына байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату реті көрсетілген. Яғни, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекетті алғаш рет жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен медиация тәртібімен татуласа және келтірген зиянын жуып-шайса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл жерде көңіл аударатын жайт, мұндай кешірім құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған тұлғаға ғана қолданылады. Ал, екінші рет осы құқық бұзушылықты жасаған адамды татуласуына байланысты жауаптылықтан босатуға жол берілмейді. Ол үшін заңмен көрсетілген жазаны сот тағайындайды.

– Тұрмыстық дауларды шешуде заңнамаларымыз қаншалықты пәрменді? Сот тәжірибесі қандай?

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық балалардың психикасына әсерін тигізеді. Осындай санаттағы істерді қараған кезде сот құқық бұзушыны жауаптылыққа тартқан соң, өз тарапынан құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілей алады, яғни жәбірленушінің отбасының кәмілетке толмаған және әрекетке қабілетсіз мүшелерімен қатар жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға; атыс қаруын және қарудың басқа да түрін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға; кәмілетке толмағандар құқығын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз жасөспірімдермен белгілі бір жерге баруына, басқа да жерлерге шығуына; алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды қолдануға толық көлемде немесе жеке-жеке тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгілеуі мүмкін. Ерек-

ше талап 1 жылға дейінгі мерзімге қойылады. Осы мерзім ішінде құқық бұзушы полиция қызметкерлеріне 1 айда 4 рет профилактика үшін келуі міндет. Яғни, полиция қызметкері құқық бұзушымен заңсыздықтың алдын алу үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Аталған ерекше талапты құқық бұзушы бұзған жағдайда, оның үстінен ӘҚБТК-нің 669-бабы бойынша хаттама түзіліп, іс сотқа жолданады. Сот істі қарап, заң шеңберінде шешім қабылдайды.

– Мұндай құқық бұзушылықтың көп тіркелуіне заңдағы өзгерістің себеп болып жатқанын айттыңыз. Бұл өзгерістің пайдасы қандай?

– Иә, ӘҚБТК-ге өзгеріс енгізіліп, жәбірленушінің арызынсыз-ақ іс қозғауға болатыны бекітілді. Бірақ, мұның теріс жағы да бар. Мәселен, полиция қызметкері көршісінің арызымен хаттама толтырып, іс сотқа жетті. Алайда, істі қарау барысында ерлі-зайыптылардың бір-біріне дауыс көтергенімен, ар-намысқа тию, дәрәкі сөйлеу, күш қолдану әрекеті орын алмағаны анықталды. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері өз процессуалдық өкілеттігін пайдаланбайды. Арызданушы жүгінген кез келген жағдай бойынша хаттаманы рәсімдеп, сотқа жолдайды. Әрине, арызды жіберу оңай, бірақ матери-



Бауыржан АХМЕТҚАЛИЕВ, Астана қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы:

«ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ НАҚТЫЛАНУЫ КЕРЕК»

алдарды жинау және заңды шешім қолдануға байланысты проблема туындайтынын мойындауымыз керек.

– Сотқа келген істің 39,4 пайызы қысқартылыпты. Мұның бәрі құқық бұзушылық құрамның болмауынан емес болар? Бұл статистиканың астарында не жатыр?

– ӘҚБТК-нің 73-бабы 1-бөлігіне сай адамдарды сыйламаушылықты білдіретін, олардың тыныштығын бұзатын, әдепсіз сөз айту, қорлау, тұрмыстық заттарын бұлдіру және өзге де әрекеттер үшін жауаптылық көзделген. Алайда отбасындағы бұзақылардың мұндай әрекетті тұрғын үйден тыс жерде (баспалдақ, кіреберіс, үйдің ауласы, көлік ішінде) жасауын жоғарыдағы баппен саралауда бірқатар сұрақ туындайды. Мәселен, сот А.-ға қатысты істі қылмыс құрамының жоқтығына байланысты қысқартты. Себебі, күйеуі үйден тыс жерде әйелін балағаттады. Міне, осындай нақтылықтың болмауынан істер қысқартылатын жағдайлар бар. Сонымен бірге, ӘҚБТК-нің 54-бабы 3-бөлігі құқық бұзушыға құқықтық ықпал ету «тетігінің» болмауына орай істер қысқартылады. Мәселен, сот құқық бұзушыға жақындауға тыйым салса, ӘҚБТК-нің 54-бабы 3-бөлігінің негізінде оған профилактикалық сұхбаттасу үшін полицияға келу міндеттеледі. Іс жүзінде құқық

бұзушы жақындауға тыйым салу талабын орындап, профилактикалық әңгімеге келмейді. Мұндай жағдайда инспектор ӘҚБТК-нің 669-бабы 2-бөлігі бойынша хаттама жасайды. Соттар мұндай істерді тоқтатады, өйткені кәсіби әңгімеге келмеу ерекше талапқа жатпайды. Бұл мәселені аталмыш заңнаманың 54-бабына кәсіби әңгімеге қатысуды арнайы талап тізіміне енгізу туралы өзгерту арқылы шешу қажет деп есептейміз.

– Жалпы, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін қарауда бірінші тәжірибе қалыптастыру үшін не қажет?

– Бүгінде талдау нәтижесі бойынша сот тарапынан отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілді. Соның бірі ӘҚБТК-нің 73-бабына қатысты. Онда отбасы-тұрмыстық қатынастарда болатын адамдардың шеңбері анықталған. Олар: ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, жақын туыстар, ортақ баласы бар адамдар, бірге тұратындар арасындағы қатынастар. Соңғы категория норманың осы тұжырымына байланысты келіспеушіліктерді және әртүрлі сот шешімдерін тудырады. Өйткені, бір сот тәжірибесі ерлер мен әйелдердің нақты бірге тұруын назарға алса, ал екіншісі ер мен әйел ретінде нақты бірге тұрған ғана емес, бірге тұратын немесе бірге өмір сүр-

ген кез келген тұлғаларды таниды. Жалпы, объектіге сүйене отырып, заң шығарушы тек неке белгілері бар нақты бірге тұруды есепке алатын сияқты. Сондықтан «Неке және отбасы туралы» кодексте ерлер мен әйелдердің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың нақты бірге тұруы түсінігі атап өтілгендіктен, ӘҚБТК-нің 73-бабының ескертпесіне осы талапты дәйектейтін нақты өзгеріс енгізу қажет.

Тағы бір мәселе аталмыш заңнамадағы айыппұлға қатысты. Айыппұл отбасы бюджетінде соққы болмауы үшін ескерту немесе қамауға алу түріндегі жаза қолдану керек дейтіндер бар. Тәжірибе көрсеткендей, барлық отбасылық жағдайда ескерту немесе қамауға алуды қолдану ӘҚБТК-нің 40-бабы 2-бөлігінің мақсаты (қайта тәрбиелеу, пропронационалды) контекстінде өз тиімділігін көрсетпейді. Өйткені, көбіне жасалатын ескерту шарасы тым жұмсақ та, ал соңғы қадам ретінде қамауға алу тым қатал жаза. Негізінде айыппұл, әсіресе, ажырасқан ерлі-зайыптыларға, бұрын бірге тұрғандарға, жақын туыстарға, ортақ баласы бар адамдарға қатысты істерде тиімді шара. Сонымен қатар, ӘҚБТК-нің 43-бабы іс бойынша жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде ескерту қолдануға міндеттейді. Ал, бұл жалпы ӘҚБТК-нің 73-1

және 73-2-баптарының 1-1 бөлігінің күшін жояды. Осының салдарынан сот қатаң түрде өндіріп алу қолдану қажеттілігі туындаған кезде ескертуді қолдануға мәжбүр болады. Сот тәжірибесін ескере отырып біз ӘҚБТК-нің 43-бабының 2-бөлігіне соттың ескерту жасау міндетін алып тастайтын өзгерістер ұсынып отырмыз. Біздіңше, бұл соттарға тұрмыстық зорлаушыға қатысты жазаны тиімді және барабар қолдануға мүмкіндік береді.

Сол секілді, ӘҚБТК-нің 73-бабының диспозициясы бойынша отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер (ұятсыз сөздер, қорлау, үй заттарын бұлдіру және сыйламаушылықты білдіретін өзге де әрекеттер) үшін жауаптылық олар жеке тұрғын үйде немесе пәтерде немесе басқа үйде жасалған кезде туады. Ал олар үйден тыс жерде жасалғанда (мысалы, көлік ішінде, үйге кіре берісте және т.б.) бұл құқық бұзушылық болып есептелмейді де, көбінесе қылмыскерлер жауапкершіліктен жалтарайды. Салдарынан зорлық-зомбылық құрбаны қорғалмай қалады. Осыған орай, ӘҚБТК-нің 73-бабы 1-бөлігінің мынадай редакциясы «Қылмыскермен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынаста болған адамдарды сыйламаушылықты білдіретін, олардың тыныштығын бұзатын дәрәкі сөз, қорлау, тұрмыстық заттын бұлдіру және өзге де әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаса, – ескерту жасауға немесе 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады» деп жазылуы керек.

Назар аударатын тағы бір жай – ӘҚБТК-нің 50-бабы 2-бөлігінде қамауға алу қолданылмайтын адамдардың санаты, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдар көрсетілген. Заңнамада жалғыз әке деген ұғымның болмауына байланысты, оның құқықтық мәртебесі мен белгілерін анықтауға қатысты бірқатар сұрақ туындайды. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай әке ретінде анасы қайтыс болмаған, хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз, ата-ана құқығынан айырылған, медициналық мекемеде тұрған немесе түрмеде деп тану туралы сот шешімі бар бір немесе бірнеше баласы бар адам танылуы мүмкін. Ата-анасы ажырасқан және баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы сот шешімі бойынша әкесімен бірге тұрған немесе мұндай шешім мүлде болмаған, ал бала әкесімен бірге тұрған жағдайда жалғыз басты әке деп санауға бола ма? «Неке және отбасы туралы» кодекстің 73-бабында баладан бөлек тұратын ата-ананың баламен араласуға, оның тәрбиесіне қатысуға және баланы оқытуға қатысты және бала үшін маңызды басқа да мәселелерді шешуге құқығы бар деп көрсетілген. Мұндай жағдайда баланың анасын тәрбие мәселелерін анықтау, материалдық көмек көрсету, баламен қарым-қатынас, оның перзентіне жақындығын түсіну үшін сот процесіне тарту керек. Сот тәжірибесі біркелкі болу үшін бұл шараларды Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы деңгейінде нақтылау қажет.

– Мағыналы сұхбатыңыз үшін рақмет!

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

ПӘРМЕН

10 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ІЗДЕУДЕ ЖҮР

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің дерегі бойынша, қазіргі уақытта елімізде 10 748 адам іздестірілуде. Олардың 2 176-сы хабаршарсыз кеткен.

Жоғалғандардың көпшілігі Алматы қаласы (287) мен Қарағанды (221), Павлодар (170), Алматы (167) облысында тіркелген. Жоғалған ер адамдар негізінен 30 бен 49 жас аралығында (77%). Олардың 1 634-і үйден кетіп оралмаған, 74-і автокөлікпен жоғалған, 36-сы жұмыстан кейін үйіне келмеген. Ал тергеу мен соттан жасырынғаны үшін іздеу жарияланғандар саны – 2 372. Олар негізінен 31–40 жас аралығындағы ер адамдар (89%). Көпшілігі алаяқтық (510), ұрлық (318) және кісі өлтіру (146) дерегі бойынша іздестірілуде. Жалпы, елімізде іздестіруді ішкі істер органдары, экономикалық тергеу қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүзеге асырады.

Халықаралық ұйымдардың мәліметі-

не қарағанда, жыл сайын әлемде 8 млн-ға жуық адам хабар-ошарсыз кеткендер ретінде іздестіріледі. Олардың көпшілігін 18–35 жас аралығындағылар құрайды. Оған көп жағдайда қақтығыс, зорлық-зомбылық, босқындық, сондай-ақ жазатайым оқиға мен қылмыс түрткі болады. Дегенмен, адамдардың ешбір себепсіз жоғалып кету жағдайлары да кездеседі, бұл олардың жоғалу құпиясын одан әрі арттырады. Көп елдерде үкімет хабар-ошарсыз кеткендердің есебін жүргізеді. Дегенмен, бұл статистика әрқашан толық және нақты бола бермейді. Өйткені, кейбір істер шешілмей қалуы немесе билікке хабарланбауы мүмкін.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті порталындағы мәлімет бойынша, елімізде іздестіру – балаларға; алимент бойынша борышкерлерге; қылмыскерлерге; қарызы бар борышкерлерге қатысты жүргізіледі.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

ОҢ ҚАДАМ

«KazakhExport» ұлттық экспорттық сақтандыру компаниясының Экспорттық сауданы қаржыландыру (ЭСҚ) құралына қатысатын отандық қаржы ұйымдарының саны сегізге жетті. ЭСҚ – шетелдік сатып алушылар тарапынан қазақстандық өнімге сұранысты ынталандыру үшін компания енгізген құрал болып табылады. Ол шетелдік компанияларға қазақстандық тауарларды қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арқылы сатып алу үшін аккредитивтік есеп айырысу нысаны шеңберінде беріледі.

Ұлттық экспорттық сақтандыру компаниясы бұл жолы ForteBank-пен өңдеу өнеркәсібінің қазақстандық экспорттаушыларына қолдау көрсетуге, халықаралық сауданы дамытуға, қазақстандық өнімге сұранысты ынталандыруға және өткізу нарықтарын ұлғайтуға бағытталған стратегиялық келісімдерге қол қойды. Бұл Аккредитивтерді сақтандыру туралы бас келісім және Экспорттық сауданы қаржыландыру бойынша шарттық банктік салымдар туралы келісім.

ОТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

– Қол қойылған келісімдер қазақстандық экспорттаушыларға өздеріне қосымша тәуекелдерді қабылдамай, өз сатылымдарын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Осы құралдың арқасында шетелдік сатып алушылардың қазақстандық өнімді тиімді шарттармен қарызға алу мүмкіндігі бар, бұл ретте экспорттаушылардың өздері өз шотында тауарлар үшін төлемді жөнелтілгеннен кейін бірден көреді. ForteBank халықаралық факторинг, қарыздарды сақтандыру, валюталық мәмілелерді сақтандыру, банктік кепілдіктерді сақтандыру сияқты басқа да бағдарламаларға қатыса отырып, біздің институтпен қарым-қатынасты дамытуды жалғастырады деп үміттенеміз, – дейді KazakhExport Басқарма төрағасының орынбасары Қуаныш Мұқажанов.

Компания 2010 жылдың соңынан бастап қазақстандық шикізаттық емес өнімдерді сатып алушыларға қаржылық қолдау көрсету бойынша жаңа бағдарламаны әзірлеп, іске қос-

ты. Бағдарламаның мақсатының бірі шетелдік сатып алушыларға тиімді шарттармен саудалық қаржыландыруды ұсыну арқылы қазақстандық өнімге деген сұранысты ынталандыру. Қаржыландыру есеп айырысудың аккредитивтік нысаны шеңберінде жанама түрде Қазақстанның екінші деңгейдегі банктері арқылы беріледі.

Жалпы KazakhExport 2016 жылдан бері 870 млрд теңгеден астам сомаға 200-ден астам экспорттаушыға қолдау көрсетті. Қолдау көрсетілген кәсіпорындар экономиканың тамақ және химия өнеркәсібі, машина жасау, агроөнеркәсіптік кешен, металлургия және басқа да маңызды салаларында жұмыс істейді. Экспорттық бағыттар тізімінде Өзбекстан, Ресей, Ауғанстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай, Түрікменстан, Әзірбайжан, Литва, Украина, Беларусь, Италия, Түркия және т.б. елдер бар.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ҚЫЗМЕТ

«ПРОБАЦИЯ АДАСҚАНҒА ЖОЛ КӨРСЕТЕДІ, АЙЫПТЫҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ»

Пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқықбұзушылық жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі. Батыс Қазақстан облысы (БҚО) бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Жәнібек аудандық пробация қызметінің аға инспекторы, әділет капитаны Нұрлыбек Қуанышқалиевтің осы салада қызмет атқарып келе жатқанына біраз жылдың жүзі болды.

Нұрлыбек Нұрымбекұлының мектепте озық оқып, үлгілі де тәртіпті, еңбекқор болып өсуіне ата-анасымен бірге ата-әжесінің сіңірген еңбегі өте зор еді.

«Атам Болатты Ұлы Отан соғысының майдангері, соғыста жан аямай шайқасқан батыр деп білемін. Әжем Мәлика мен аяулы анамның махабатына шомылып өстік. Әкем марқұм ақкөңіл, қайырымды, көпшіл, домбыраның шанағынан күй саулатып, гитарадан сазды ән төгетін асабалық қабілеті бар жан-жақты азамат болды. Бисен ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарған марқұм Қайрат Әбдірешев деген көрші ағам болатын. Көршіме еліктеп бала кезімнен полиция қызметкері болуды армандадым», – дейді Нұрлыбек Қуанышқалиев.

Мамандығым – мақтанышым

Балалық шақтан армандаған мақсатыма жетем деп талпынып 2005–2007 жылдары Алматы облысына қарасты Талғар қаласындағы Д.Қонаев атындағы колледждің «Құқықтану» факультетінде оқыдым. 2007–2008 жылдары Атырау қаласындағы №2201«Г» теңіз шекарасы әскери бөлімінде азаматтық борышымды өтеп келдім. 2008–2010 жылдары Алматы қаласында демалыс орталығында күзетші болып қызмет атқардым. Осы аралықта Алматы қаласындағы ЛА-155/18 мекемесіне жұмысқа қабылдауға іріктеу жүріп жатқандықтан, болашақта өмірімді қылмыстық-атқару



жүйесі саласымен байланыстыру мақсатында түйіндемемді тапсырып, резервке қойылдым. 2010 жылдың 25 ақпанынан бастап Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі саласында қызмет атқарып келемін. 2010–2014 жылдар аралығында Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің күзет және қадағалау бөлімінде қызмет атқарғанымда тәлімгерім Бауыржан Қыдырқожаевтан жұмыс барысының қыр-сырын үйрендім. 2014–2016 жылдар аралығында БҚО бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты РУ-170/1 мекемесінде бақылаушы, Орал қалалық пробация қызметінің инспекторы болып қызмет атқардым. 2016 жылдың желтоқсан айынан бүгінгі күнге дейін Батыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Жәнібек аудандық пробация қызметінің аға инспекторымын. 2014 жылы Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім.

Мақсатымыз – сүрінгеннің қайта тұруына көмектесу

Өзіме қатысты аймақтағы пробация қолданылатын адамдардың есебін жүргізіп, тұрғылықты жерін, олардың денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын анықтап, әлеуметтік-құқықтық көмек алу тәртібін түсіндіремін. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза қолданылған адамдарға өздеріне сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін түсіндіріп, пробациялық бақылауды жүзеге асырамын. Әріптесім, пробация қызметінің инспекторы, әділет аға лейтенанты Асылан Қошметов екеуміз сүрініп кетіп, бүлініп жүрген тағдыр иелеріне мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлықты түсіндіріп, ой-санасын тазартып, тәртібін түзеп, қоғамның толыққанды азаматы болатынына сенім білдіру жолында жұмыстану-дамыз. Ондай жандарды бақылап қана қоймай әлеуметтік мәселелері болса оны шешуге ықпал жасаймыз. Пробация қызметінің негізгі бағыты қоғамнан оқшаулаумен байланысты

емес жазаға сотталғандарға білім алып, кәсіп меңгеріп, жұмысқа орналасуына ықпал жасауды қамтамасыз ету. Әлеуметтік-құқықтық көмек әрқайсысының қажеттілігіне байланысты көрсетіледі. Пробациялық қызметке жергілікті полиция, жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік, үкіметтік емес ұйымдар жәрдемдеседі. Пробация қызметіне қарайтындар – бас бостандығынан шектеу жазасына кесілгендер, шартты түрде сынақ мерзіміне сотталған, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары түріндегі жаза, жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің жазасын өтеу мерзімін кейінге қалдыру, белгілі бір қызмет немесе арнайы лауазымынан айыру жазаларын орындау жазасына сотталғандар. Осы санаттағылар пробация қызметіне келіп, тіркеліп тұруға міндетті. Сондай-ақ, әкімшілік аумақтан тыс жерге шықса немесе тұрғылықты мекенжайын ауыстырса пробациялық қызмет өкілдеріне хабарлауға міндетті.

2022 жылдың басынан Жәнібек аудандық пробация қызметінің есебінен қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес 52 адам тіркеуде тұр. 2023 жылдың басынан есепте тұрған 7 адам жұмыспен қамтылды, 6 адамға материалдық, 14 адамға медициналық және психологиялық көмек көрсетілді. Күні бүгін барлығы жұмыс жасап, еңбекақы алып, отбасын асырап жүр. Уақытында тіркелуге келіп, ақыл-кеңес сұрап тұрады. Өмірге деген өзіндік көзқарастары бар. Есепте тұратын сотталғандардың үйінде болып, отбасы мүшелерімен әңгімелесіп, тәрбие тағылымы туралы кеңес жүргіземіз. Қылмыстың ауыр және жеңіл түрлері бар. Есепте тұратын сотталғандар қайтадан қылмыс жасамау үшін не істеу қажет? Ол үшін есепте тұратын сотталғандарды жұмысқа орналастыру керек. Себебі, жұмыссыз қалған отбасының асыраушысы әлеуметтік ауыртпалыққа душар болады. Ал, оның ар жағында қылмыстың сан түрлі жолы тұрғаны тағы да белгілі. Амалдың жоқтығы кімді қайда апармайды? Басты мақсат – олардың түзеліп, көппен бірге ұлы тойдың дүрмегінде болуы.

Құқықбұзушылықтың алдын алу, профилактикалық жұмыс жүргізу, сотталғандардың түзелу жолына түсу, тәртіпті нығайту жолында бір

бағытта жұмыс жасаудың нәтижесін көріп отырмыз. Сөзіміз нақты болу үшін бір дәлел келтірейін. Тонау қылмысын жасағаны үшін бір азаматқа сотпен бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, пробациялық бақылау белгіленген. Онымен профилактикалық жұмыс жүргізіліп, түзелу жолына түсу үшін бір бағытта жұмыс жасалды. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетілді. Бүгінде «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша кәсіби оқуын аяқтап, өзінің өзінше жеке кәсібін кеңейту мақсатында жұмысын атқаруда. «Әрине, жасаған ісіме өкінемін, адамды тонауға болмайтынын біле тұра соған бардым. Енді жазамды өтеп жатырмын, бұл маған үлкен сабақ болды», – дейді пробация есебінде тұрған азамат. Үлгілі мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдегені үшін ол бүгінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды. Қоғамның биік, басты мақсаты – азаматтардың құқық бұзбауын ескертіп, сақтандыру.

Аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықта заңгер болып еңбек ететін зайыбым Майра Асылбекқызы екеуміз Аружан, Аяна есімді қыздарымыз бен Нұртілек атты ұлымызды тәрбиелеп отырмыз», – дейді полиция қызметкері.

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, ауданымызда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі, қылмысқа қарсы күресте азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолында адал еңбек еткені үшін Нұрлыбек Қуанышқалиев Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы бұйрығымен III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісіне ие болып, Қазақстан полициясының 30 жылдығына орай Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 13 желтоқсандағы бұйрығымен «Қазақстан полициясына 30 жыл» мерекелік медалмен, әр жылдары қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, БҚО бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті басшылығы мен облыс әкімінің атынан Алғысхатпен марапатталды.

Мендігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облысының тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық бөлімінің менгерушісі,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЕҢБЕК КОДЕКСІ

ҚР Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағы 79-тармақшасына сәйкес, ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, жұмыскерлердің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ ЕҢБЕК ДАМУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Ұжымдық шарт, бір жағынан, еңбек ұжымдарының жұмысшылардың еңбегін құқықтық реттеуге, еңбек құқығының жергілікті нормаларын құруға тікелей қатысу актісі. Екінші жағынан, жұмысшылардың, еңбек ұжымының ұйымды басқаруға қатысу актісі болып табылады. Өйткені ол өндірістік демократияны дамыту, жұмысшылардың жергілікті заң шығаруға қатысуы. Ол жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мүдделерін біріктіреді және көрсетеді. Өйткені, ұжымдық шарт әлеуметтік серіктестердің мүдделерінің консенсусын білдіреді. Бұл ұжымдық шарттың құқықтық, экономикалық-әлеуметтік және саяси рөлі. Оның қазіргі кезеңдегі маңызы артып келеді.

Ұжымдық шарт еңбек жанжалдарының алдын-алудың тиімді құралы болып табылады. Оның мазмұны жұмыс берушілер мен жұмысшылардың қарым-қатынасында туындайтын қайшылықтарды реттеуге арналған. Ол еңбек заңнамасындағы олқылықтарды толтыра алады. Қызметкерлердің еңбек құқықтарының кепілдіктерін арттырады, еңбекті қорғау мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсартады. Сонымен қатар, ұйымның еңбек дәстүрлерін құрметтеуге және дамытуға, қызметкерлер мен олардың

отбасы мүшелеріне медициналық және мәдени-спорттық қызмет көрсетуді жақсартуға бағытталған.

Ұжымдық шарт жоғары сапалы еңбекті материалдық және моральдық көтермелеу шараларын және тәртіпті емес қызметкерлер мен ұжымдық шартты бұзушыларға ықпал ету шараларын көздейтін еңбек тәртібін, жұмысқа деген адалдықты тәрбиелеу құралдарының бірі ретінде әрекет етеді.

Ұйымдарда жасалған ұжымдық шарттардың қоғамдық маңыздылығы олардың әлеуметтік шиеленістер мен ұжымдық еңбек дауларының туындауы мүмкін жағдайларды жоюдың сенімді тетігі. Ұжымдық шарттың тараптары жұмыс беруші және белгіленген тәртіппен уәкілеттік берілген олардың өкілдері тұлғасындағы қызметкерлер (кодекстің 156-бабының 1-тармағы).

Бұл шарттың мазмұны мен құрылымын тараптар жасалған салалық және өңірлік келісімдерге сәйкес айқындайды, сондай-ақ, мазмұны Еңбек кодексінің 157-бабына сәйкес болуы тиіс.

А. ИСМАГУЛОВА,
Алматы қаласының мемлекеттік еңбек инспекторы

ҚАРАШАҢЫРАҚ

ҚазҰУ – КӨПШІЛІКТІҢ ТАҢДАУЫ!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ отандық университеттер ұлттық рейтингісінің көшбасшысы және ТМД университеттері арасында екінші орында тұр. Халықаралық QS рейтингі бойынша әлемдегі үздік 230 топ университет қатарына еніп, 220 орынды иемденді.

Жұмыс берушілердің студенттермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру және бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуы, жұмыс берушілер арасында беделі, түлектердің кәсіби жетістіктері, жұмыс берушілермен серіктестік сынды бағалау критерийлері негізінде ҚазҰУ түлектерді жұмыспен қамту рейтингінде 550 ЖОО ішінен 251 орынға ие болған Орталық Азиядағы алғашқы университет. Көптеген ҚазҰУ түлектері елдің үздік компанияларында және шет жерлерде табысты жұмыс атқарып жатыр.

Университеттік кампуста заманауи оқу ғимараттары, ғылыми инфрақұрылым, кітапхана, интернет-орталық, фудкорттар, спорт кешені, кинотеатр, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Студенттер сарайы, әскери кафедра, бассейн, «Жас ғалымдар үйі» бар. 16 факультетте 100-ден астам

мамандық бойынша жоғары білім алу, магистратура мен PhD докторантурада оқуды жалғастыру мүмкіндігі бар.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларын гранттық қаржыландыру конкурсында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары 75 жобаны жеңіп алды. Университет біліммен қатар спорттағы жетістіктерімен алға жылжуда. Медицина және денсаулық сақтау факультетінің 2-курс студенті Сәдуақас Бекарыс Қытайда өткен 31-ші Дүниежүзілік жазғы универсиадада 100 келі салмақ дәрежесінде дзюдодан қола жүлдеге, Константин Малиновский пневматикалық мылтық атудан топтық құрамда жеңіске жетіп, қола медальға, Жұбатқан Сұңғат дзюдо бойынша жекпе-жек сайыста қола медальға ие болды. 81 келі салмақ дәрежесінде сайысқа түскен 3-курс студент Сейітқазы Еламан ауыр атлетикадан ҚР VI жазғы спартакиада чемпионы атанды. Арина Алтухова Оңтүстік Кореяның Чхановна қаласында өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатының күміс медалін жеңіп алды. Ел намысын қорғаған жастарымызды университет әрқашан қолдайды.

Қазіргі таңда заң факультетінде құқықтану және кеден ісі, құқық қорғау қызметі мамандықтары бойынша мамандарды дайындайды. Бүгінгі таңда заң факультетінің ең күрделі ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жақсы ғылыми әлеуеті бар. Факультетте бір ҚР ҰҒА академигі, 30 доктор мен профессор, 80-нен аса ғылым кандидаттары, доценттер, сонымен қатар ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі, ҚР Президент Әкімшілігі, ҚР Жоғары Соты, Құқық қорғау органдары мен Ғылым Академиясынан жоғары тәжірибелі мамандар жұмыс істеуде. Олардың басым көпшілігі шет тілдерін меңгерген, АҚШ, Еуропа, Түркия және өзге де мемлекеттерде тағылымдамадан өтіп келген. Заң факультетінде 4 кафедра бар. Әр кафедра марапаттары мен жетістіктерімен, профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми жоба және зерттеулерімен ерекшеленеді.

Қ. АРАТҰЛЫ,
М. БИСЕНОВА,
Г. АТАХАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушылары

